



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

қазіргі әлеуметтік қоғамдағы жеке тұлғаның ақпараттық соғысқа деген көзқарасы сарапталды. Социологиялық сараптамалар нәтижесі бүгінде Қазақ елінде ақпараттық соғыстың бар екендігі және де оның басты алаңы қазақ тілінің қолданыс аясын шектеу мен ұлттық менталитетке моральдық тұрғыдан әсер ету екендігін тұжырымдады деген ойдамыз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Вепринцев В. Б., Манойло А. В., Петренко А. И., Фролов Д. Б. Операции информационно-психологической войны: краткий энциклопедический словарь-справочник. — 2-е изд., стереотип. — М. - Телеком, 2011. — 495 с.
2. Гриняев С. Н. Информационная война: история, день сегодняшний и перспектива3) Панарин И. Н. Информационная война, PR и мировая политика. — М.: Телеком, 2006. — 264 с.
3. Данилова А. А. Манипулирование словом в средствах массовой информации. — М.: Добросвет, КДУ, 2009. — 234 с.
4. Денис Борн. Интернету — 40 лет. Как всё начиналось, Изд. эксмо 2007
5. Институт социологии РАН, 1999, Архивные данные 2005-2009гх
6. Князев А. А. Информационная война // Энциклопедический словарь СМИ. — Бишкек: Издательство КРСУ, 2002.
7. Почепцов Г. Г. Информационные войны в бизнесе и политике. — К., 1999.
8. Терин В.П. Массовая коммуникация (исследование опыта Запада). М.:
9. «Four Freedoms Laureates 2012» — статья на сайте Roosevelt Institute
10. BAQ.kz| Өз елім газеті/ Әлемді ақпарат билейді/ Жұқасары Айбалта
11. Панарин И. Н. Информационная война, PR и мировая политика. — М.: Телеком, 2006. — 264 с.
12. Панарин И. Н. Информационная война и дипломатия. — М.: Издательство «Городец», 2004. — 528 с.
13. Панарин И. Н., Панарина Л. Информационная война и мир. — М.: Издательство «Олма-Пресс», 2003. — 384 с.
14. Панарин И. Н. Технология информационной войны. — М.: Издательство «КСП+», 2003. — 320 с.
15. Почепцов Г. Г. Информационные войны. Основы военно-коммуникативных исследований. — М., К.: «Рефл-бук», «Ваклер», 2000. — 576 с. Почепцов Г. Г. Информационные войны. Новый инструмент политики. — М.: Алгоритм, 2015. — 256 с.
16. Прокофьев В. Ф. Тайное оружие информационной войны: атака на подсознание . 408 с.

ОӘЖ 1(091)128

АСАН ҚАЙҒЫНЫҢ «ЖЕРҰЙЫҚ» ИДЕЯСЫ – «МӘҢГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫНЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІНІҢ БІРІ

Төле Фариза Хасанқызы

farizzzz@list.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті
Философия мамандығы 3 курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші – Уксукбаева М.Т.

«Мәңгілік ел» идеясының тарихи негіздері 2014 жылдың 17 қаңтарында Қазақстан Республикасының президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың кезекті халыққа жолдауын: «Бір жыл бұрын мен еліміздің 2050 жылға дейінгі дамуының жаңа саяси бағдарын жария еттім. Басты мақсат – Қазақстанның ең дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосылуы. Ол -

«Мәңгілік Қазақстан» жобасы, ел тарихындағы біз аяқ басатын жаңа дәуірдің кемел келбеті», - деп бастады [1].

Бұл орайда елең еткізген жаңалық – тұңғыш мемлекеттік ресми идеология, яғни «Мәңгілік Ел» идеясының жариялануы. Бұл – Қазақстан Республикасының ұлттық идеясынан келген түйін-тұжырым. Мәңгілік Ел отандастардың бірегей тарихи мақсаты мен қаһармандық ұраны десек қателеспейміз. Аталған идея қазақ елінің ғасырлар бойы армандаған мақсаты ғана емес, Тәуелсіздік жолындағы жанқиярлық еңбегі мен тынымсыз шығармашылығының нәтижелері арқылы қол жеткен асу. «Мәңгілік ел» ұғымын тереңнен түсіндіру, тарихи негіздерін көрсету мәселелері маңызды болып табылады [2].

Әр адамның рухы өзіне лайықты мекен іздейді. Әсіресе, ақындар сондай. Әлем халықтарының көбінде аңсау-арманнан туындаған құтты қоныс іздеу ұғымы бар. Біздің Асан қайғы атамыз да желмаясына мініп, мәңгілік жер жәннаты Жерұйықты іздеген. Әлімсақтан бері осылай, рухымыз сапар шегуде, мәңгілік мекен іздеуде. Бірақ іздегені қай мекен?

Бізге беймәлім бағзы замандарда елінің қамын жеген Асан Қайғы абыз желмаяға мініп, орманы, көкорай шалғынды, қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған қоныс іздеп, жиһан кезіпті деседі. Жұртымды жерұйыққа қоныстандырсам деген арман қарияны төрткүл дүниенің төрт бұрышына жетелепті.

Сол сапарында Асан Қайғы Маңғыстауға үш барып, үш қайтыпты. «Түбінде мал баққан шаруаға Маңғыстаудан жақсы жер болмас», - деген екен ақырында. Ал, Жетісуды көргенде: «Мынау Жетісу ағашының әр бұтағы жеміс екен, шаруаға жақсы екен», - депті. Осы күнгі Мерке деген жердегі Аспарын көргенде: «Ей, Аспара, көршіңмен тату бол, шөбің суың жетер», - деп жүріп кетіпті.

Баянауыл тауын көргенде: «Баянға жаймай, қой семірмес», - деп Асан қазіргі Баянауылды өзіне жайлау етіпті. Әулие атаның батысындағы Жуалы жерін көргенде: «Жерің семіз, шөбің сүйгін, қарың мол, топырағың май екен, қадіріңді егін салған ел білер», - депті. Шыңғырлау өзеніне тоқтап, Желмаясаны суарғанда: «Жылқының өзі өскен жоқ. Шыңғырлау, сен құт болған екенсің, сен өсірген екенсің», - деп, Жиһан кезіп, шұрайлы қоныс, нулы өлкен іздеумен өмір бойы Желмаясымен желіп өткен Асан Қайғы Ұлытаудың бас жағында келіп дүние салыпты [3].

Біздерге аңыз болып жеткен бұл әңгіменің соңында Асан Қайғы әркімге өзінің туған жері – Жерұйық екенін біліпті деседі.

Сонымен, «Жерұйықты» мұрат еткен бүгінге аты аңыз елі үшін еміренген – *Асан қайғы* бабамыз еді. Бұл сапардың оңай болмасы бірден білінеді, себебі: Ұзақ, азапты сапарға жылдар бойы әзірлену керек. Мал төлден тыйылуға, ер төсегінен безінуге тиіс. Соншалық төзім, шыдамды бастан өткерген соң ғана «Жерұйыққа» сапар шегуге болады. Жол ауыр: шөлстан бар, аптап ыстық бар, соның бәріне сабырмен, шыдамдылықпен төзген, жолда кездесетін барлық қиыншылықтарды көтере алатын, бақыт дегеннің, бақытқа жету жолындағы күрес дегеннің не екенін білетін ел ғана «Жерұйыққа» қоныстанбақ. Осыншама ауыртпалықтарды білсе де Асан қайғы төзімді жануар ретінде «Желмаяға» мініп «жерұйықты» іздеуге аттанады. Бұл сапарға Асан қайғы өзінің бақыты үшін, өзінің жан рахаты үшін емес, елдің мұраты үшін, елдің қамы үшін, өз халқының бақыты үшін, халқына мәңгілік мекен болатын, жан рахатын сыйлайтын осынау қасиетті жерді іздеуге аттанады.

Асан Қайғы өз халқы үшін ең қолайлы, ең құнарлы жерді іздегендігі белгілі. Утопиялық көзқарастағы Асан қайғының жерұйықты іздеудегі мақсаты, халқының жайлы жерге қоныстанып, болашақта мәңгі ел болуын қалаған.

Асан қайғы да көптің қамына күйзеліп, жұртын жерұйық мекенге жеткізгісі келді, халқын жерұйық мекенге жетеледі. Сөйтіп, пайғамбарларға жүктелген миссияны атқарды. Осы жағынан Мысырда құлдық кешкен жұртын құтқарып қалған Мұса пайғамбарға ұқсайды. Асан қайғы да қараша қазақ жұртын құтты мекенге жеткізгісі келді, сол үшін өмірден бас кешті, бар қайғы, бар уайымы елдің тағдыры, болашағы болатын. Сондықтан да Шоқан Уәлиханов Асан қайғыны «көшпенділер философы» деген. Ал Серікбол Қондыбай «Аспан жыршысы» деп бағалаған. Ғалымның «аспан» деп айшықтағанына қарағанда жоғарыдағы

ақындардың аспанға асығуы мен Асанның жерұйықты іздеуінің арасында тығыз байланыс бардай. Егер, Асан қайғы болмаса «біз кімбіз», «қайдан келеміз», «қайда барамыз» деген сан сұрақтың шешімін таппаған болар ма едік [4,5].

Ел қонысы үшін «Жерұйықты» іздеп, барған жерлердің қадір-қасиетін кейінгі ұрпаққа өсиет етіп қалдырған. Оның «Асан қайғы» аталуы да осы істері мен сөздеріне байланысты.

«Жерұйық» - ортағасырлардағы «кемел мемлекет», Әл Фарабидің «Ізгі ниетті қаланың тұрғындары» трактатындағы идеясының заңды жалғасы, жаңа қоғамның үлгісі. Жыраудың жерұйықты іздеуі тек шұрайлы қоныс қана емес, «құт қонған елді» аңсауынан туған идея.

Бұл сапардың негізінде «Мәңгілік ел идеясы» жатқандығы айдан анық. Бүгінгі ұрпақ «Жерұйыққа» қоныс аудармаса да жазиралы дархан «Қазақстан» атты тау баурайы асыл қазынаға, кенге бай, байтақ жерде ғұмыр кешуде! Одан кейінгі жылдарда әрбі, хандар, сұлтандар, билер өз халқын мәңгілік ел ету жолында әр қайсы әр түрлі бағытта өздерінің саяси бағыттарын жүргізді, олардың ішінде жүзеге асқандары да, негіссіз қалғандары да болды, бабаларымыз елін, жерін қорғап, мәңгілік ел ету мақсатында сан түрлі амалдар жасады, сан түрлі кезеңдерден өтті.

Қазақ халқы XX ғасырдың соңында мәңгілік арманына жетті. Мойны бұғаудан босады. Дүниеге жар салдық. Біз тәуелсіз ел болдық деп мінберден сөйлеп, биік-биік тұғырдан көріндік. Елдігіміздің көтерген Елбасы елдің мәңгілік тұғырнамасын қайта қозғады. Ширек ғасыр елдігімізді танытқан соң бабаның арманын қайта жаңғыртты. Бұл да сындарлы сағаттың жемісі еді. Қазақтың мәңгілік жеңісі еді.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев қазақтың бүгінгі әр сағатының маңызды құндылықтармен толықтырды. Мәңгілік ел болмаққа тұғырнамасын жасады. Міне, мәңгілік елдің қағаны, ұлттың арманы. Мәңгілік ел деген идеяны көтермес бұрын мәңгілік болмақтың қамын қылды.

Бір кездерде дүркіретіп билік құрған Көктүріктер империясы ту еткен, Тоныкөк негізін қалаған, ұлы Шыңғыс хан империясының атына айналған Мәңгі ел құндылығы бүгін, міне, осылайша Қазақстан мемлекетінің түп қазығы – ұлттық идеясына айналды. Елбасының «Мәңгілік Ел» идеясы бұл – «Жерұйық» идеясы. Бұл да – өте терең, ғажап идея. Халқының болашағын ойлап, ел аласы, ру таласы болмайтын жер іздеуі баяндалады. Елбасы Жолдауында ұсынған «Мәңгілік Ел» идеясын Асан қайғы армандаған «Жерұйық» идеясының жалғасы деп қарастыруымызға болады. Сөйтіп, Қазақстан халқының, дәлірек айтқанда, қазақ халқының ұлттық идеясы анықталды. Ол – Мәңгілік Ел идеясы. Алтын Күн шуағын шашқан Көк байрағымыздың астында қазақ қана емес, 130 ұлттың өкілдері береке-бірлікпен тату-тәтті өмір сүруде. Елбасы: «Қазақ тарихында біз ұялатын ештеңе жоқ. Бізге бабалар тұлпарларының тұяғымен жазылған ата тарихының әр парағы ерекше қымбат. Қазақтардың бүгінгі және болашақ буыны оны әрдайым орынды мақтан ететін болады», деді. Сонымен бірге Қазақстанды Мәңгілік елге айналдырудың жолдары, түрлі иірімдері мен тетіктері, кезеңдері нақтыланып көрсетілді [6].

«Мәңгілік ел – ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы», - деп атап өтті Нұрсұлтан Әбішұлы. Ол арман – әлем елдерімен терезесі тең қатынас құрып, әлем картасынан ойып тұрып, орын алатын тәуелсіз мемлекет құру еді. Ол арман – тұрмысы бақуатты, түтүні түзу ұшқан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты ел болуы еді. Осы армандар ақиқатқа айнала бастады. Мәңгілік елдің іргетасы қаланды. Ендігі жердегі Қазақстан дамуының мақсатының бастысы – ең дамыған 30 елдің қатарына қосылу. Бұл – аса биік, астамшыл мақсат. Бірақ оны ендігі жерде ешкім қиял деп айта алмас, себебі біз аз уақыт ішінде талай жоспарларды шындыққа айналдырдық.

Күні кеше, бұдан 25 жыл бұрын бізде ұлттың экономикасы да, қазіргідей қалыпты мемлекетте, заңдастырылған шекара да болмаған еді. Қазір бұлардың бәрі бар. Қазақстанда қазір көшбасшы ұлттармен тең дәрежеде өмір сүріп отыр. Біз өзімізді оларға мойындаттық. Ендігі олар бізбен санасатын болды. Дана халқымыз: «Қиындыққа мойыма, ұмтылдағы іспен жең. Мақсатсыз жан өмірде қанаты жоқ құспен тең» деген.

Тілекжан Хасенұлының айтуынша, дамыған елдерге тән ерекшелік – халқының, азаматтарының рухы ояу, асқақ болады. Олар өздерін ешкімнен кем санамайды. Олар басқаны сыйлайды, басқалармен санасады, басқалардан үйренеді, сонымен бірге өзіне де сенеді, өзін де мақтан тұтады. Дамыған елдің адамы – нағыз патриот: өз елін, өз жерін, Отанын сүйеді, өз тілін, дәстүрін, әдебиетін, тарихын біледі, қадір тұтады. Елбасымыз қазақстандық патриотизм туралы, әрбір азаматтың патриоттық сезімін ояту, қалыптастыру туралы тектен-тек айтып жүрген жоқ. Патриотизм біздер үшін – қуатты күш, қосымша инвентария. Оның негізінде рух, намыс жатыр. Қазіргі ел аузындағы Мәңгілік ел, Нұрлы жол деген тіркестер бейнелі түрде кездейсоқ айтылған емес. Бұл – қазақтардың ғана емес, бүкіл қазақстандықтардың таяу жылдардағы бетке ұстар идеясы, өмірлік нысанасы [6].

Мәңгілік Ел – жалпы қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы. Бабаларымыздың арманы. Мәңгілік Ел ұлттық идеясының негізгі мәні – мәңгілік мақсат-мұраттарымыз бен мәдени-рухани құндылықтарымызға негізделген, мемлекет құрушы қазақ халқы мен өзге де ұлттардың ұлттық идеяларын бір арнаға тоғыстыратын идеология арқылы қалыптастырылатын қазақтың ұлттық мемлекеті. Мәңгілік Ел ұлттық идеясы дегеніміз – өткенімізден сабақ ала отырып, болашағымызды баянды ету жолындағы хақ мұраттарымыз!

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.А. «Қазақстан жолы - 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына жолдауы, Астана, 17.01.2014 ж. - <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K14000>
2. Назарбаев Н. Ә. Тарих толқынында. - Алматы, «Жібек жолы» баспа үйі, 2010. – 232 бет.
3. Күлтегін Тоныкөк: Ежелгі түркі рун жазбалары (Әдеби нұсқасын жасаған Қадыр Мырза Әли.) - Алматы, «Өлке» баспасы, 2001. – 144 бет.
4. Қазақстан тарихы. Әдістемелік журнал №1, 2016.
5. Қазақстан тарихы. Әдістемелік журнал №3, 2016.
6. Сыдықов Е. «MANGI EL» халықаралық ғылыми-көпшілік тарихи журналы, - Алматы, «Pride Print» баспасы, 09.2013. – 108 бет.

ӘОЖ 21.41

ДІН ФУНКЦИЯЛАРЫНЫҢ ЗАМАНУИ ҚОҒАМДАҒЫ КӨРІНІСТЕРІ

Темірбай Жанаргүл

zhakon27@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті, дінтану мамандығының 2-курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі - Т.В.Мустафина

Адам және оның болмысы ғасырлар бойы ғалымдарды, ойшылдарды, жалпы алғанда, кез келген адамды ертелі-кеш толғандырып келген өзекті мәселелер қатарында екені белгілі. Адамды оның рухани болмысы, сондай-ақ оның тәндік болмысы арқылы зерделеу әр түрлі қоғамдарда әр түрлі кезеңдерде әр түрлі зерттеу әдістерімен орын алып келеді. Бүгінгі күнге дейін бірталай жетістіктерге қол жеткізілгенімен, мұндай риторикалық сұрақтарға толыққанды жауаптар әлі де болса жүйелене қойған жоқ.

Тәннің шексіз қажеттіліктерін материалдық дүние қанағаттандырса, жанның қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін адам өнерге, дінге, әр түрлі ілімдерге бет бұрып жатады. Шынымен, адамның рухани болмысы туралы дін тұрғысынан жауап беру басымырақ екені де белгілі. Жалпы алғанда, дін деген феноменнің өзіне жауап беру арқылы да адами болмыстың бірталай мәселелеріне тоқталуға болады.

Дін феноменінің адамзат мәдениетінде алатын орны зор екеніне келіспеске болмайды. Ғасырлар бойы көптеген ғалымдар дін феноменін және оның қоғам өміріндегі функцияларын зерттеп, бірқатар жетістіктерге қол жеткізіп те үлгерді. Тарихи деректерге